

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№44
(966)

Бейсенбі, 27 қазан 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

30 қазан – ҚР әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні

Қоғамның тұрақтылығы мен игілігі жолында

Қазақстан Республикасы әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні 2011 жылдан бастап қазан айының соңғы жексенбісі болып атап өтіледі. Бұл мереке егде тартқан қарияларға, мүгедек жандарға, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға өзінің қамқорлығы мен жәрдемің, көмегі мен еңбегін аямаған осы саланың барлық қызметкерлерінің еңбегіне деген үлкен құрмет. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік көпірдендіру деңгейі көп жағдайда қоғамның тұрақтылығы мен игілігін айғақтайды.

Егемендік жылдарындағы даму жолында елімізде тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың көпдеңгейлі ұлттық моделі қалыптасты. Біздің бар күш-жігеріміз, ең алдымен, тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға, қоғамымыздың барабар сұранысына және сәйкесінше заманауи халықаралық стандарттарға бағытталған.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз жұмысын үш сектор бойынша жүргізіп келеді.

Жұмыспен қамту секторының негізгі қызметі «Айыртау ауданының аймағын дамыту» және «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламаларының орындалу, аталған бағдарламалар бойынша ведомстволық есептің мониторингін жасау. Ардагерлермен және мүгедектермен жұмыс жүргізуде осы сектордың негізгі бағыты бойынша осы санаттағы азаматтарға 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Әлеуметтік бағдарламалар бөлімі әлеуметтік жәрдемақының тағайындалуы мен төлеуіне және мекенжайлық әлеуметтік көмектің көрсетілуіне орай 5 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

Біздің мемлекеттік мекемеде үйге барып әлеуметтік көмек көрсетудің екі бөлімі өз жұмысын сәтті жүргізіп келеді. Онда 199 жалғызбасты және жалғыз тұратын қарт азаматтар мен мүмкіндігі шектеулі 34 балаға қызмет көрсетіледі. Атап өтерлігі, біздің мамандар жауапкершілігі жоғары, адал адамдар. Олар өз бойларындағы энергиясы мен күшін, жүрек жылуы мен мейірімділігін әлдеуімекке көмекке мұқтаж айыртаулықтарға береді. Жан-дүниесі ізгілікке толы, жоғары кәсібилігі, тамаша адамдық қасиеті ие бұл адамдардың көмегіне қария кісілер мен мүгедектер мұқтаж.

Ғұмырында 30 жылдан астам уақыт бойы кәсіби қызметін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне арнаған әріптесіміз Р.В. Дорожкина. Халықтың әлеуметтік игілігін қамтамасыз етуде өзінің адал еңбегі мен белсенділігінің үшін Раиса Васильевна 2012 жылы еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрінің Құрмет грамотасымен марапатталса, 2013 жылы «Әлеуметтік-еңбек саласының үздігі» төсбелгісі табыс етілді.

20 жылдан астам уақыт бойы ұжымымызда М.Ж. Жүсіпова, З.К. Сироткина, Н.П. Букина, Л.Н. Лесникова жұмыс жасайды. 10 жыл және одан да көп уақыт бойы О.В. Брюханова, С.Ж. Мәжкеева, Р.Е. Құдайбергенова, Г.Б. Шәймерғенова, А.К. Ахметжанова, С.Е. Омарова, В.А. Петрова, Н.И. Коканова сынды қызметкерлер жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыс жасайды.

Өздерінің күнделікті жұмыстарына жауапкершілікпен және адалдықпен қарап, еңбек етушілер С.А. Московкина, В.А. арчакова, Н.Н. Золотарева, Е.В. Шкиптан, И.П. Лунина, А.С. Бурханова, А.Е. Мырзатаева, В.Ф. Смоляк, М.В. Бойко және басқалары.

Бүгінгі мереке қарсаңында әлеуметтік қызмет жүйесінің барлық қызметкерлеріне талмай еңбек еткендері үшін және қиындығы мен қызығы мол мамандықтарындағы зор үлестері үшін үлкен алғыс білдіремін. Сіздердің қамқорлықтарыңызға зәру жандарға беретін адалдықтарыңыз, кішіпейілділіктеріңіз бен жандарыңыздың жомарттығы айналаңыздағы адамдарға өмірлік қиындықтарын еңсеруге қашанда жәрдем болсын. Сіздердің жан-дүниелеріңіздегі позитивті әлеуеттілік, қуаттылықтарыңыз, адалдықтарыңыз бен жүрек жылуларыңыз мәңгілік сақылмасын.

Сіздерге игі жұмыстарыңызды әрі қарай да жалғастыра берулеріңіз үшін денсаулық, бақыт, отбасылық игілік, молшылық, даналық пен сарқылмас қуат көзін тілеймін.

Ерлан ҚАЗБЕКОВ,
«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы.



ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы

2012 жыл

№35. 30.08.2012 ж. «Карасевқадағы Ықылас мешіті». Қасиетті жұма күні Қамсақты селолық округінің орталығы Карасевка селосында жаңадан салынған Ықылас мешітінің ашылу салтанаты болып өтті.

2013 жыл

№3. 17.01.2013 ж. ««Айлана» мұз айдыны ашылды». Қаңтар айының 11-і күні саумалкөлдiктердiң қысқы спорт ойындарымен жаппай шұғылдану мақсатында жеке кәсіпкер Алмас Байғариннің бастамасымен салынған ауылдың ықшам ауданында заманауи стандартқа сай «Айлана» мұз айдынының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

№16. 18.04.2013 ж. «Кәсіптің көзін тапқан жан». Құрбан Төләуұлы техникалық қызмет көрсету стансасын іске қосып, алғашқы қызмет түрлерін де көрсетіп үлгерді.

№30. 25.07.2013 ж. «Халықпен кездесу». 19 шілде күні жаппай ақпараттандыру күні болып өтті. Облыстан «Қызылжар Ақпарат» Медиахолдингінің директоры Кәрібай Иманжанұлы Мұсырман бастап келген облыстық делегация селолық округтарды аралап Елбасының 2012 жылдың желтоқсанындағы Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

№30. 25.07.2013 ж. «Ішкі істер бөліміндегі қуаныш». Айыртау ауданының Ішкі істер қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында 20 шілде күні Айыртау ауданының ішкі істер қызметкерлеріне қызметтік тир ашылды.

№49. 5.12.2013 ж. «Бір ел бір тағдыр, бір халық». Мерекелік шара аудан орталығындағы «Континент» сауда орталығының салтанатты ашылуынан басталды.

№51. 19.12.2013 ж. «Тәуелсіздік күні қарсаңында». Бұл күні аудан орталығында «Халық Банкі» филиалының жаңа ғимараты тұрғындар игілігіне пайдалануға берілді.

Жәрмеңке

Солтүстік Қазақстанның берекесі астаналықтарға

Өткен сенбіде Астана қаласының «Хан Шатыр» СОСО жанындағы алаңда «Өңір берекесі» атты Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі болып өтті.

Екі күнге жалаасқан жәрмеңкеде Петропавл қаласы мен облыстың 100-ден астам ауыл шаруашылығы құрылымдары мен өңдеу кәсіпорындарының өнімдері қойылған.

Елордаға Солтүстік Қазақстаннан 741 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде 95,9 тонна ет, 24

Астана қаласындағы Өңірлер күні Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мерекелеуге орай ұйымдастырылған «Қуатты өңірлер – қуатты Қазақстан» акциясы аясында өткізілуде.

Солтүстік Қазақстан облысының мерекелік іс-шаралары 18 қазаннан басталған. Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары Н. Погодин атындағы облыстық орыс драма театры, С. Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры және қуыршақ театры өртістерінің шеберлігіне тәнті болды. Бұдан бөлек астаналықтар назарына Солтүстік Қазақстан облысының мұрағаты, С. Мұқанов атындағы



тонна сүт және 10 тонна шұжық, 450 тонна картоп және көкөніс әкелінді. Өнім сұрыптамасы азық-түлік өнімінің 100-ден астам аталымынан тұрады.

Жәрмеңкеге келген қонақтарға арналып киіз үйде дастархан жайылды. Бұдан бөлек, жәрмеңке аясында Солтүстік Қазақстан облысы шығармашылық ұжымдарының ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылған.

облыстық кітапхана мен СҚО мұражай бірлестіктерінің ұйымдастыруымен көрме және Солтүстік Қазақстан облысы суретшілерінің картиналары ұсынылды.

Астана қаласында Солтүстік Қазақстан облысы күндерінің мәдени бағдарламасы Солтүстік Қазақстан облысының үздік шығармашылық ұжымдарының «Мағжан елінен – Елорда төріне» атты гала-концертімен аяқталды.

Архив – тарих айнасы

Еліміздің ата тарихына зер салар болсақ, ұлт ретінде жүріп өткен жолымыз бен атқарған ісіміз қат-қатпарлы шежіреге айналған кереміз. Кешегі тарихтың тартымды тұстары мен көлеңкелі сәттерін де, бүгінгінің бар болмысын шынайы қалпында болашаққа бір бүтін тарих жасап тапсыратын заманауи Қазақстанның айрықша бір қызметі бар. Ол кешегіні бүгінге жалаап, бүгінгі кешегімен ұштастыратын, көптеген тарихи, мәдени, адами мұраларды қойнауына жиып жатқан – архив саласы.

Тәуелсіздік алар тұста, 1990 жылы 20 маусымда Көкшетау облысы Володар аудандық атқарушы кеңесінің шешімімен жеке құрам бойынша өзін-өзі қолдайтын Володар архиві болып ұйымдастырылып, сол жылы 1 шілдеде ашылды. 1993 жылы Айыртау ауданы әкімшілігі басшысының нұсқауымен алдыңғы атауынан жеке құрамф бойынша өзін-өзі қолдайтын Айыртау архиві болып ауыстырылды.

Сонымен қатар, Көкшетау облыстық Мәслихатының шешімімен 1997 жылы Арықбалық ауданы Айыртау ауданының құрамына қосылды. Осы бірігуге байланысты, жеке құрам бойынша өзін-өзі қолдайтын Арықбалық архивінің қорындағы 1991-1997 жылдар аралығындағы барлық құжаттар Айыртау архивінің құжаттар қорына тапсырылды. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Айыртау ауданы Солтүстік Қазақстан облысы құрамына енді. Бір жылдан кейін, яғни, 1998 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің шешімімен жеке құрам бойынша өзін-өзі қолдайтын Айыртау архиві «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі болып қайта тіркелді.

XXI ғасырда, яғни, 2013 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Қаулысымен «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облыстық Мәдениет, архив және құжаттама басқармасының «Айыртау аудандық архиві» коммуналды мемлекеттік мекемесі болып атауы қайта ауыстырылды.

Аудандық архив өз ретінде Қазақстан Республикасының бірегей мемлекеттік архив қызметі жүйесінің құрамына кіреді және де жоғарыда айтылғандай Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының құрамында өз қызметін көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ауыр да, қиын кездерден мемлекет қолдауының арқасында бүгінгідей биігіне көтеріліп отырған аудандық архив қорында 2016 жылдың 1 қазанына

қоса алғанда 393 қор бар. Оның 258 қоры – басқармалық құжаттар болса, 132 қоры – жеке құрам бойынша сақтаулы құжаттар. Ал 2 қор – жеке шығу тегі, 1 қор – фотоқұжаттар қоры.

Аудандық архив қорында барлығы 76129 бірлік құжат сақталуда. 44843 бірлігі – басқармалық құжаттар, 31230 құжат – жеке құрам бойынша, 43 құжат – жеке шығу тегіне байланысты және 13 бірлік құжат – фотоқұжаттарға жатады.

Қазіргі таңда аудандық архив қорында мемлекеттің сақтауында Арықбалық және Айыртау аудандық халықтық депутаттар кеңесінің, Айыртау және 1997 жылы таратылған бұрынғы Арықбалық аудандары аппарат әкімдерінің, Айыртау аудандық мәслихатының, Айыртау және бұрынғы Арықбалық аудандарының ауылдық кеңестерінің, 15 селолық округтердің, Айыртау және бұрынғы Арықбалық аудандарының аудандық мекемелерінің, Арықбалық ауданының 46 колхоз бен 16 совхоздың және Айыртау ауданының 28 колхозы мен 13 совхозының, Айыртау ауданындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің құжаттары бар.

Ауданның тарихында, сонымен қоса, облыс үшін және еліміз үшін маңызды нысандар мен мекемелердің құжаттары біздің қордың бай мұрасының қатарынан болып саналады.

Осындай құжаттардың ішіндегі ең ескісі, үлкен тарихи маңызы бар құжат деп айтуға болатыны – Кривоозерский болысының құрамынан өз еркімен шығып, 1918 жылы Кирilloвка ауылшаруашылығы комитетінің құрылуы еді.

Қазіргі уақытта Айыртау аудандық архивінің қатысуымен көптеген қызмет түрлері көрсетіледі. Атап өтер болсақ, әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұраныстармен қоса, тақырыптық, генеологиялық санаттағы сұраныстар, құжаттардың құндылығын сараптауды өткізу, ұйым, мекеме, кәсіпорындардың құжаттарын ғылыми-техникалық іріктеу. Және де бір атап өтерлігі, аудандық архив іс-қағаздарын жүргізу бойынша ұйымдар мен мекемелерге, кәсіпорындарға түрлі іс-шаралар мен семинарлар өткізу кезінде ұйымның жұмыс номенклатурасын, архивтағы ведомстволық жұмысты жүргізуге ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді.

Айыртау аудандық архиві қазіргі таңда ауданның барлық мекеме, ұйымдарымен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнатып, архив қызметіне жүгінуші әрбір азаматқа сапалы, әрі жылдам қызмет көрсетуімен ерекшеленіп алады.

Наурызбек ҚАБДӨШЕВ,
Айыртау аудандық архивінің директоры.

25 игі іс

Волейбол шеберлері бак сынады

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында елімізде өткізіліп жатқан көпшілік іс-шаралардың қатарына аудан әкімі Азам Тастеміровтың бастамасымен бастау алаан Айыртау ауданының Құрметті азаматтарының жүлдесі үшін спорттық ойындардан өткізілетін жарыстар да қосылды. «25 игі іс» акциясының алғашқы қолдаушысы аудандық мәслихат депутаты, «Баянтай» ЖШС директоры Сырымбет Есенғалиев Саумалкөл қазаз орта мектебі жанындағы шағын футбол алаңында футболдан жарыс ұйымдастырған болатын.

Осындай игі дәстүрдің жалаасын жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арнаған Айыртау мектеп-

**АЛҒАН АЙЫРТАУ АУДАНЫНЫҢ
АМАЗАТЫ Е. ҚАЛИЕВТІҢ СЫЙЛЫҒЫНА
ВОЛЕЙБОЛДАН ТҮРНИР**



интернатының директоры Елемес Қалиев жалаастырды.

Елемес Сәулеұлы волейболдан өтетін жарыстың туған жері – Светлое ауылында өткізуді қалаған екен. Аталмыш шараның аудан көлемінде қаншалықты маңызды екенін тұрғындарға айтудың қажеті де болмады. Шараға жоғары деңгейде дайындалған тұрғындар арнайы безендірілген көрнекіліктерімен, концерттік бағдарламаларымен жарыс қатысушыларын қарсы

Назарбаевтың жоғары марапатына ие болған. «Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісі, «Шапағат» медалі және басқа да көптеген марапаттары бар. Елемес Қалиев «Айыртау ауданының Құрметті азаматы» (2014 жыл), «Мәртебелі мектеп директоры» (2016 жыл) атағының иегері.

Жарыстың басталуына бұйрық бере отырып, Елемес Сәулеұлы қонақтарға мектепке сыйға тартылғалы отырған музыкалық орталық пен 100 мың теңге көлеміндегі жүлде қорын және демеушілер «Жарқын СК», «Гусаковка», Кутузовка-Әліби» ЖШС-терін де атап өтті.

Шараның құрметті қонақтарының қатарында еңбек ардагері, №1 Саумалкөл орта мектебінің директоры М.Тұралинов, Лавровка ОМ-нің директоры П.Щеголев, Целинный ОМ-нің директоры К.Искаков, БЖСМ ди-

ректоры Н.Қадыров және басқалары болды.

Шараның салтанатты ашылуын мереке иелері – Айыртау мектеп-интернатының көркемөнерпаздарының тамаша ән-жырымен бастау алды.

Алты сағатқа созылған тайталас барысында Айыртау ауданының Құрметті азаматы Елемес Сәулеұлы Қалиевтің жүлдесіне және бірінші орынға ие болған команда №1 Саумалкөл орта мектебінің командасы болды. Екінші орынның тұғырына Саумалкөл



алды.

Жиырмасыншы қазан күні Светлое ауылының қонақжай тұрғындары қонақтарды үлкен қошеметпен қарсы алды.

Командаларды сапқа тұрғызу шараларынан кейін, Қамсақты ауылдық округінің әкімі Ж. Беркімбай сөз алып, ауылдастарын құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

Содан кейін бала Елеместің Целинный орта мектебіне барған сәті, ұстаз болған, басшылыққа келген жылдары, білім бөлімінің басшысы ретінде, аудан әкімінің орынбасары ретінде жасаған алғашқы қадамдары туралы өмірдерегіне арналған шағын шолу жасалды. Елемес Сәулеұлы өзінің мәнді ғұмырында көптеген жетістіктерге жетті. Оның еңбегі Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан

агротехникалық колледжі мен №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының құрамасы көтерілсе, үшінші орын алаң иелері – Целинный орта мектебінің қынжығасына байланды.

Үздік үштікке ілінбесе де, жеңіске деген жігерліліктері үшін Лавровка орта мектебінің, 55/10 әскери бөлімінің және жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған Айыртау мектеп-интернатының командаларына арнайы грамоталар табысталды.

Жеңіске жеткен командаларды ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Рүстем Дәулетов марапаттады.

**Наталья ЕРЕМЕНКО,
Суретті түсірген автор.
Аударған Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.**

Жылжымайтын мүлікті тіркеу мерзімі

Жергілікті Әділет органдары халыққа жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу қызыметін атқарады.

Өзекті мәселелердің бірі, жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеуге құжаттарды тапсыру мерзімі болып табылады. Жылжымайтын мүліктер мен меншік құқықтары мемлекеттік тіркеуден кейін жүзеге асады.

Бірақ көпшілік Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқық тіркеу туралы» заңының 9 бабына сәйкес жылжымайтын мүліктерге құқықты тіркеу үшін құжаттарды тапсыруға белгілі мерзім орнатылғанын біле бермейді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді тіркеуші орган құқық иесінің немесе уәкілді мемлекеттік органның өтініші негізінде, ал егер құқық шарттан туындаса - оның кез келген тарапының өтініші негізінде жүзеге асырады.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу қызметінің атқаруда тіркеуші органға өтініш келіп түскен кезден бастап, үш жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс. Электрондық тіркеу құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгені немесе алым төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Мемлекеттік органдар және өзге де уәкілетті адамдар салатын ауыртпалықтарды, сондай-ақ заңдық талаптарды тіркеу тіркеуші органға өтініш түскен сәттен бастап дереу жүргізілуге тиіс.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (осындай құқықтардың ауыртпалықтары) және онымен мәмілелерді жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген алым сомасының бюджетке төленуі шартымен тіркеуші органға өтініш келіп түскен күннен кейінгі күннен кешіктірмей жүргізіледі.

**Н. ЗАЛЕВСКАЯ,
Айыртау ауданы Әділет басқармасының
бас маманы.**

Күзгі балық аулау және аңшылық: ең бастысы – қауіпсіздік!

Күзгі су айдындарында аңшылық құру мен балық аулау - өте қызық іс болғанымен, қауіптілік деңгейі жоғары. Осындай іске әуес адамдар, әдеттегідей, жыл мезгіліне сай жылы де ауыр резенке комбени-зон киеді. Қайықпен шығып, құтқару құралдары туралы мүлде ойламайды. Суда болған жағдайда әр түрлі қозғалыстар (зәкірді түсіру немесе көтеру, тор құру кезінде, т.б) төпе-теңдіктің жоғалуына әкелуі мүмкін екендігін ұмытпау қажет. Құтқару кеудешесі болмаса, адам кенеттен суық суда болып, су түбіне кетуі мүмкін.

Мына жайттарға да назар аударыңыз: су айдынына тек қана техникалық жағдайы дұрыс қайық шығуы тиіс, оған шамадан артық жүк тиеуге тиым салынады. Балық және аң аулау кезінде шапшаң іс-қимыл жасамаңыз, егер резенке қайықпен болсаңыз, оның тесіліп қалуы мүмкін екендігі есіңізде болсын. Алкогольдік ішімдік ішкен күйде суға шықпаңыз – көптеген қайғылы оқиғаларға алкогольді ішімдіктер себепкер.

Жағадан балық аулап, аң ауласаңыз да өзіңізді қауіпсіз жерде деп ойламаңыз.Тұманды күні байқаусызда қыры биік жағадан қармақты серпіп қалғанда, аяғыңыз тайып құлап кетуіңіз де ықтимал

«СҚО ТЖД Жедел-құтқару жасағы» СҚО азаматтарына суда мұқият және абай болуды ескертеді. Балықшыларға қауіп-қатерге шалынбауды және балық аулаудан жақсы көңіл-күймен қайтуды тілейді.

Егер Сіз судағы жағдайдың куәгері болсаңыз, 112 телефонына хабарласыңыз.

СҚО ТЖД «Жедел-құтқару жасағы» ММ.

Жария ету туралы

2014 жылдың 1 қыркүйегінен елімізде ақша мен мүлікті жария ету акциясы басталды, субъект өзінің мүлігін жария ету үшін Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің жанындағы мүлікті жария ету туралы аудандық комиссиясына өтінуі керек. Мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі № 44, аудандық әкімшілік ғимаратында. Құжаттар күн сайын сағат 09.00-ден 18.30-ге дейін қабылданады. Сенбі, жексенбі демалыс күндері.

Аталған процедураны өткізу үшін өтініш иесі арызымен бірге жеке басының куәлігінің көшірмесін және нысанның құрылыс нормасы мен ережелеріне сәйкестігін дәлелдейтін аттестатталған сараптаманың қорытындысын, жылжымайтын мүліктің төлқұжатын ұсынады.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республи-касында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне бай-ланысты рақымшылық жасау туралы» Заңының 3-бабы 4,5-тармақшаларына сәйкес, жария етуге келесі мүліктер жатады:

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, кесімді мәмілесі мен құқығы бар басқа тұлға рәсімделген (космостық нысандар мен магистральді құбырлардың желілік бөлігінен басқа) жылжымайтын мүлік мемлекеттік тіркеуге жатады;

Қазақстан Республикасы аумағындағы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес, және мақсатты пайдалануға берілген жер учаскесі, ғимарат (құрылыс, құрылғы) субъектінің жеке меншігінде болса жария етіледі;

Осы заң мемлекеттің мүлікті, оның ішінде бұрын жариялы экономикалық ай-налымнан шығарылған ақшаны жария ету жөніндегі бір жолғы акция өткізуіне байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдардың табыстары мен мүлкін декларациялауға көшуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

**Аманбек МАХМЕТОВ,
Айыртау ауданы әкімінің орынбасары.**

Ұлағатты ұстаз

Ұстаз болу , шәкірт тәрбиелеу-кез келген адамға бұйыра бермейтін бақ. Жан жылуын , бар білімін баланың бойына сіңіріп, әр оқушысының үлкен өмірге оқып-тоқыған азамат болып атануына зор үлес қосатын мейірбан жүректі ұстаздарымыз аз емес. Солардың бірі Лобанов орта мектебінде білім беретін технология пәнінің мұғалімі Бажай Кульзира.

Оның әр ісінен шығармашылықты, жоғары педагогикалық білік пен ізденімпаздықты көре аласың.Өзінің әдістемелік шеберлігін шындап, әрдайым түрлі сайыстар мен байқауларға қатысып жүлделі орын иесі болғанына кәуе болдық. 2016 жылы «Ұлттық қолөнер –бабалар мұрасы» атты тақырыбында өткізілген Республикалық интернет-байқаудың 9-сынып оқушысы Серікболқызы Гүлбанұмен қатысып алғыс хатқа ие болып артынан ІІ-дәрежелі дипломмен ма-рапатталды және ауданда баяндама оқып ІІ-орынға иеленді, облыстық «Әлем табиғаты-балалар көзімен» аты сайықа оқушы дайынап І-орынды қанжығасына байлады. Кульзира мұғалімнің өнеріне тек қызыға қараймыз, жасаған әр туын-дылары бірінен-бірі асады. Сабақтары әр дайым жаңа сарында, әрі өте жақсы өтеді. Қолынан келген көмегін еш аямайтын ақжарқын ұстазға биіктен көретінін оқушылар әлі көп болғай дей мықты денсаулықпен шығармашылық табыстар тілеймін.

**Г. ИСКАКОВА,
Лобанов орта мектебінің
Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Мүгедектерді әлеуметтік оналту жүйесіндегі жаңалықтар

Солтүстік Қазақстан облысында 28 мыңнан астам мүгедек тұрып жатыр, олардың 7,4% мүгедек-балалар құрайды.

Жыл сайын мемлекеттік бюджет есебінен мүгедектер, техникалық көмекші (орнын толтырушы) оналту құралдарымен, протездік-ортопедиялық көмекпен, санаторлық-курорттық емделумен, міндетті гигиеналық құралдарымен, жеке көмекшінің және ымдау тілі мамандарының әлеуметтік қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Мүгедектерге берілетін жүріп-тұру арнайы құралдары және техникалық көмекші (орнын толтырушы) оналту құралдарының Тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы № 754 Қаулысымен бекітілген.

Мүгедектерді әлеуметтік қолдауын жетілдіру мақсатында Тізбені жаңарту жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Демек, 2015 жылы Тізбесі мүгедек балаларға кохлеарлық имплантасымен сөйлеу процессорлары енгізілді, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін міндетті гигиеналық құралдарының нормасы: жөргектер - жылына 480-нен 730 данаға дейін, нөсеп қабылдағыш - жылына 12-ден 365 данаға дейін, нәжіс қабылдағыш - жылына 12-ден 365 данаға дейін өсірілді.

Аталған кезеңде мүгедектердің өмір сапасын арттыруға мүмкіндік беретін оналту техникалары мен жабдықтары әлемдік нарықта серпілді дамуда.

Осыларға байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1036 Қаулысымен Тізбеге бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

2017 жылдың қаңтарынан бастап ескірген сурдо-, тифлотехникалық құралдар (*бейнекомпьютерлер, компьютерлік тифложинақтар, тифломагнитолары, телефакстер, диктофондар*) көру және/немесе есту органдары бұзылған мүгедектер үшін көпфункционалды жаңа заманғы ноутбуктар және мобилді телефондар сатып алу жоспарлануда.

Мыналарды ауыстыру қаралған:

- бейнекомпьютерлерін веб-камералы ноутбукке ауыстыру;
- компьютерлік тифложинақтарын сөйлеу синтезімен экрандық қолжетімдік бағдарламалы қамтамасыз етілген ноутбукке;
- диктофондар дыбыспен хабарлау және диктофонды мобилді телефонға;
- телефакстер, тифломагнитоланы қолданудан шығару, өйткені функциясы бойынша мобилді телефондар және ноутбуктермен сәйкес келеді;

- таяқтар (тифлотехникалық құралдар бөлігінде тифлотаяққа – баспасын анықтау.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен 2017 жылда көзінің көруі бұзылған адамдар үшін тифлотехникалық құралдар тізімін (*термометр, тонометр, сөйлеу дыбысымен глюкометр*), нәжісін шығару қызметі бұзылуымен тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектер үшін міндетті гигиеналық құралдарын (*катетер, ылғалды сорғыш төсек жайма, терінің ылғандануын қорғау үшін паста-герметик, қорғау кремі, ұнтақ (опа) абсорбиралық, теріні тазартқыш, санитарлы жабдықталған кресло-орындық*) кеңейту ұсынылды, брайлөвтік шрифті сөйлейтін өздігімен үйреткіштен, Брайл бойынша жиылмалы өліппе, көруі бұзылған мүгедектер үшін тігетін инелерден басқа, олар қолданысқа 2018 жылдан бастап енгізілетін болады.

Денесінің бұзылу салдарынан өздігімен қызмет көрсетуі қиынданған мүгедектер үшін қосымша техникалық құралдар (*кину, шешіну үшін бейімделу және заттарды алуға құрал; дәретхана бөлмеге қайырымалы тұтқа, ванна бөлмелері үшін тұтқа, дыбыс бергіш аппарат*) енгізу жоспарлануда.

2012-2018 жылдарға мүгедектердің өмір сапасын жақсарту және құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі Іс-шаралар жоспарының Үшінші кезеңін іске асыру жөнінде мемлекеттік органдарымен тұрақты негізде тіркелген жұмыс жалғасуда, олар мыналарды көздейді:

- халықтың жас тобын есепке алумен мүгедектіктің алдын алу және ескерту, денсаулық сақтау және медициналық-әлеуметтік сараптама қызметтерін біріктіруін қамтамасыз ету;
- еңбекке қабілетті халықтың жыл сайынғы алдын ала дәрігерге қаралуы;
- мүгедек балалар үшін білім беру бағдарламаларын және стандарттарын қайта қарау арқылы инклюзивті білім беруін дамыту, көруі және естуі зақымданған балаларды кезең-кезеңмен оқулықтармен қамтамасыз ету, мүгедектерді оқытуға квота белгілеу үшін мамандықтар Тізбесін қайта қарау;
- мүгедектер құқықтары туралы Конвенция сақталу мониторингі және тағы басқалар.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуын үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.

СӘЛАФИЗМ: БОЛМЫСЫ МЕН БАҒЫТЫ

Бүкіл қоғамға белгілі болғандай, бүгінгі заманауи әлемдедің төңірегіндемаңызды сұрақтардың біріне айналып отырғансәлафилік ағым.

Сәлафилік ағымға Қазақстан Республикасының заңмен тыйым салу қажет пе,әлде жоқ па? –деген сауалдар азаматтық қоғам арасында туындап жатқаны белгілі.

Осындай ойдың туындауына да себеп бар. Өйткені елімізде олардың шашбауын көтеріп, екі топқа бөлетін тұлғаларда аз емес. Мәселен, оларды халық арасында «байсалды» және «радикалды» деп бөлу орын алды.

Бірақсәлафилік ағымның бүгінгі таңда елімізде орныққан зайырлылық ұстанымына қарсыекенін және өздерінің алға қойған халифат құру мақсатында тайынбайтынын ескеруіміз қажет.

Негізінен бұл ағымXIII-XIV ғасырларда Шам (қазіргі Сирия) өлкесінде өмір сүрген Ибн Тәймия(1263-1328 жж.есімді тұлғадан бастау алатынын білеміз. Ибн Тәймия өз заманындағы мұсылмандар арасында іріткі туғызып, бір-біріне қарсы қойған кездір тарихтан белгілі.

XVIII ғасырдыңекінші жартысында Ибн Тәймияның ұстанымын жаңғыртқан Нәдж (қазіргі Сауд Арабия) өлкесінде өмір сүрген Мұхаммад Ибн Абдул Ваххаб (1703-1792 жж.). Жалпы Сәлафилік ағымның құрылу негізіислам дініндегі дәстүрлі мәзһабтарды мойындамау, оның имамдарына бойұсынбаужәне оларға қарсы шығу тұрғысында пайда болған ұстаным.

Бүгінгі таңда сәлафилік бағыттағы «байсалды» және «радикалды» ұстанымындағы азаматтар жоғарыда аталған тұлғалардың әдебиеттерін ерекше ден қойып оқиды. Бұл әдебиеттерден сусындағандардың ойлары мен көзқарастары бір арнада тоғысуы нәтижесінде олардың ұстанымдарымен амалдары ортақ келеді. Нақтырақ келтіер болсақ,Ибн Тәймияның«Үш Негіз» (ҚР заңмен тыйым салынған), «Акида аль-Уасития» және Мұхаммад Ибн Абдул Ваххабтың «Төрт Ереже», «Таухид Кітабы» (ҚР заңмен тыйым салынған) т.б. әдебиеттері басшылыққа алынады.Қасиетті Құраннан кейінгі негізгі исламның қайнар көзіне теңейтін әдебиеттерді өздерімен қатар өзгелерге де иманның негізі ретінде қарастыруға үгіттеу арқылы міндеттейді.

Сондықтан сәлафизм ағымындағы әдебиеттердің елімізде, оның ішінде жастар арасында етек алмауынатиісті шара қолданып,олардың дұрыс таңдау жасауына бағыт-бағдар көрсетуіміз қажет.

Бұл идеологияның түп мақсаты мұсылмандар арасында іріткі тудырып, бір-біріне қарсы қою арқылы үлкен саяси мүдделерді көздейді. Мұның зардабынбүгінгі таңда қоғамда орын алған жат әрекеттерден айқын аңғарып жүріміз.

Сәлафизм ағымы өнтелеп өнген отбасының шаңырағын шайқалтпай қоймайтыны анық. Күллі мұсылман әлемімен қатар, елдігімізбен ертеңімізге қатерлі сәлафизм ағымының тамырына түбегейлі балта шабу – кезек күттірмейтін мәселе.Сондықтан мемлекет және азаматтық қоғам болып сәлафизм ағымына елбасының жүргізіп отырған саясаты мен тапсырмаларына қолдау танытып, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау жолында күрес жүргізуде күш біріктіруіміз қажет.

Инсультпен күрес апталығы

Денсаулықтарыңызға немқұрайлылықпен қарамаңыздар!

Қазіргі таңда инсульт сынды ауру түрінің бар екенін әрбір адам білуі керек. Көп жағдайда бұл ауру түрі адамның жұмысқа қабілеттілігін жояды, ал кейде кісі өліміне де әкеліп соғуы мүмкін. Соңғы уақытта инсульт тым «жасарып» кеткен, сондықтан оның себептері мен симптомдары туралы білу артық етпейді.

Инсульт кезінде ми айналасындағы қан айналым жүйесі бұзылады. Соның салдарынаң ми қажетінше қоректене алмай, қан айналым бұзылған аумақтың нерв талшықтары бүлінеді немесе өлі күйге түседі. Сонымен бірге, инсультқа шалдыққан ми аумағы қызмет ететін ағзалар да зардап шегеді.

Түрлі себептеріне орай инсульт ауруы екі типке бөлінеді: ишемиялық және геморрогиялық. Ишемиялық инсульт ми қызметіне жауап беретін қан тамырларының бітелуінен, мидың қажетінше қан айналымы дұрыс болмауынан туындайды. Нәтижесінде, нерв талшықтары оттегімен қоректене алмай, өліп отырады.

Геморрагиялық инсультта қан тамырларының жарылуы болады. Қан миға көптеп құйыла отырып, оның өмір сүру қабілетін төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлық фактілер туралы хабарлаған үшін көтермелеу

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1131 қаулысымен Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидалары бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін кейіннен маңызы болған өзге де жәрдем беруді қамтиды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі тура-лы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға

Мемлекеттік қызметкерлер мен облыс тұрғындарының мәліметіне!

СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі өңірімізде белгісіз тұлғалардың заңсыз әрекеттермен айналысу фактілері орын алғанын хабарлайды, өздерін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері ретінде таныстырып, құқыққа қарсы әрекеттер жасайды немесе одан әрі пайдақорлық мақсатта

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 25 жыл

Ел тыныштығы - Тәуелсіздіктің белгісі

Бабалар арманын бұдан үш ғасыр бұрын өмір сүрген әйгілі Ақтамберді жырау: *Көуде бір жерді жол қылсам, Шөлең бір жерді көл қылсам, Құрап жанды көп жиып, Өз алдына ел қылсам! – деп төгіп өткен жыр жолдарында анық аңғартып еді.*

Ғасырлар бойы жалғасқан тарихы бар елдің Тәуелсіздік алмауы мүмкін емес. Ата-бабаларымыздың білегінің күшімен, ақ найзаның ұшымен, қайсарлық пен табандылықтың арқасында, татулық пен бірліктің нәтижесінде, қаншама жылдар төгілген жас пен қанның, қаншама мыңдаған ағынан жарылған ақ тілектің, ақ батаның арқасында қазақ халқының бағына тиген Тәуелсіздікке де, міне, 25 жыл толып отыр. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның жеті жарғысы жалғасын таба келе Конституцияға айналды. Өзінің әрбір басқан қадамымен еңбегін еліне арнаған азаматтар мен азаматшалар Тәуелсіз елдің құлашпат өркендеуіне атсалысқаны – көк байрағымыз көкте желбіреп, төрт құбыламыз тең, босағамыз берік, маңдайымыз жарық тұрған заманда еліміздің әрбір азаматының адал атқарған еңбегі бейбіт өмірдің кепілдігі іспетті. Алла Тағала әрбір пендесінің жесібін өрқалай жазып қойған. Үміт, төзім, сабыр, жерг жетегіне өрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен, басшылығымен жетті. Ғасырлар бойы тәтті қиял, төтті сөз болып қана келген Тәуелсіздік енді текті сөзге, күнделікті қолданыстағы қасиетті ұғымға айналды. Тәуелсіз ел, азат ұрпақ, Тәуелсіздік сарайы,

Өнер - таусылмайтын қазына, жұтамас байлық

Ұл атадан үйренбей сапар шекпес, Қыз анadan үйренбей өнеге алмас. Еліміздің болашағы-жастарды еңбекда мәдениетіне үйрету мен кәсіпке баулуда және мамандық таңдауда ұстаздардың берері мол.Ата-баба мұрасын бала бойына ұлттық қол өнер арқылы сіңіріп, қолмен істетіп, көзбен көрсетіп, іс тәжірибе арқылы орындатып келеміз. Ұлтымыздың қол өнері салт-дәстүріміздің, тұрмыс тіршілігіміздің қажетін өтейтін мәдени мұра. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, әдеп-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, баланың өнерге деген қызығушылығын арттырып келеміз. Әр ұлттың өзіне тән тарихы, рухани сән-салтанаты, қол өнері бары анық. Қолөнердің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезеңінде өнерге деген көзқарасын дамытып, ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі екендігін жас ұрпақтың санасына қалыптастыру ұстаз ретінде менің боры-

Инсульттың пайда болуына нөлер әсер етеді? Бұл жоғары артериялық қан қысымы, жүрек аурулары (жүрек соғысының бұзылуы тромболардың пайда болуына әкеледі), жоғары деңгейлі холестерин және қан құрамындағы қанттың көп болуы, семіздік және тағам тұтынудағы мөлшердің болмауы, шылымға әуестік, алкогольді өнімдерді тұтыну, дене қимылының аздығы және стресстер.

Инсульттың кейінгі қалдыруға болмайтын, жедел медициналық қызмет көрсетуді талап ететін және үй жағдайында өзін-өзі емдеуге болмайтын ауру түрі екендігін әрбір адам білгені жөн.

Инсульт – ауыр ауру түріне жатады. Алайда, сауатты ем алу науқасқа инсульт ұстамасынан кейін де толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді. Бұл аурудың нәтижесін естігенде, оны соңғы үкім ретінде қабылдамаңыздар. Жауап-ты ем алу мен дәрігердің талабын орындау, салауатты өмір салты және өз денсаулығыңызға деген сақтық шаралары инсульттың алдын алып, оның орын алған жағдайында да, жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

А. БЕЙСЕНОВА,

Айыртау орталық аудандық ауруханасының врач-невропатологы.

біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу, біржолғы ақшалай сыйақы түрінде 60 000 теңге ден 210 000 теңге мөлшерде белгіленеді:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша - 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК);
- 2) онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 40 АЕК;
- 3) ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 50 АЕК;
- 4) ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 70 АЕК;
- 5) аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 100 АЕК.

Қосымша түрі ретінде грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау түріндегі көтермелеулер қағидалармен қарастырылған.

СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.

қолдану үшін түрлі мәліметтерді сұрастырады.

Сенімді ақпарат алу және осындай жағдайларды ал-дын алу мақсатында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) СҚО бойынша департаментімен **46-40-52 телефоны арқылы (Кезекші бөлім, тәулік бойы)** шұғыл байланысуыңызды сұраймыз.

Тәуелсіздік алаңы, Тәуелсіздік даңғылы, Тәуелсіздік феномені санаға сәуле түсіріп жатты. Міне, содан бері де табаны күректей 25 жыл уақыт өте шығыпты. Ши-рек ғасыр! Бұл, әлбетте, дәуір дүрмегінің деңгейінен қарағанда, тым көп те мерзім емес.

Қазанның 19 күні Айыртау аудандық кітапханасының кітапханашылары Ергазиева Гүлнар Кабидоллақызы және Клевна Елена Владимировна «Еліміздің бақытын тербеткен –Тәуелсіздік» атты бағдарламамен «ЕС-164/8 мекемесі» РММ-ге келді. Бүгінгі күні түзету мекемесіне әртүрлі себептермен сотталғандар жа-засын өтеуде. Сотталғандарды мекеменің іс-шара өтетін залына жинап, келген аудандық кітапхана өкілдері сотталғандарды, келе жатқан мерекелерімен құттықтады. Еліміздің өр мерекелік күнінде келетін аудандық кітапхананың кітапханашысы Ергазиева Гүлнар Кабидоллақызы: «Біз сіздерді Тәуелсіздікке 25 жыл толуына орай құттықтап, дөңдеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз» – деді. Ал кітапхана әдіскері Клевна Елена Владимировна мекеме әкімшілігіне және сотталғандарға алғысын білдіріп, осындай іс-шараның өтуіне қуанғанын және мекеме кітапханасына көптеген кітаптар әкелгенін айтты. Іс-шара барысында мекеме әкімшілігіне және сотталғандарға «Тәуелсіздік» жайлы кітаптар және бейнефильмдер көрсетілді. Іс-шара соңында әділет капитаны Серік Ермекұлы Ержанов және мекеме контингенті келген қонақтарға алғысын білдірді.

Б.Рысаев,

«ЕС-164/8 мекемесі» РММ-нің аудармашысы.

Күлзира БАЖАЙ,
Лобанов орта мектебінің
технология пәні мұғалімі.

Көкейкесті

Мектеп формасын сақтау – зайырлы заңнама талабы

Жыл басында жарияланған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мектеп формасына қойылатын талаптары БАҚ беттерінде біршама уақыт әңгіме арқауына айналған-ды.

Жаңа оқу жылы басталысымен осы тақырыптың қайта көтеріле бастағанына куә болып отырғандықтан, сарапшылық көзқарас пен араағайындық сөзімізді қоғам назарына қайта салуды жөн көрдік.

Мәселеге ешбір эмоциясыз, сарабал сан кезімен қарасақ, ашығы сол – мектеп формасына қатысты биылғы талаптарда бұрынғыдан өзгеріс болған жоқ. Өйткені ҚР Білім туралы заңының сонау 2007 жылғы 27 шілдедегі мәтінінің 49-бабының 3-тармағында «Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға міндетті» деп көрсетілген болатын. Ол қағидалардың бірі – орта мектептер жарғысындағы мектеп формасын сақтау еді.

Осы міндеткерлікті тиянақтай түсу мақсатында 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV заңмен «Білім туралы» заңға толықтырулар енгізілді. Аталған заңның 47-бабының 15-1-тармағында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің міндеті ретінде: «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті» деген ереже енгізілді.

Ал 2015 жылдың 13 қарашасында ҚР Білім заңының 5-бабына білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті ретінде «орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді» (14-1) деген ереже қосылды. Оған қоса 49-бапта ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге, білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті екендігі тайға таңба басқандай көрсетілді.

Сондықтан мектеп формасына қатысты қағидалардың арысы он жыл берісі бес жыл білім жүйесінде кеңінен қолданылып келе жатқанын атап айтуымыз қажет. Білім және ғылым министрлігі бар болғаны сол ережелерді айқындай түсу мақсатында бөлек құжатқа біріктіріп, талаптар ретінде жүйелеп жариялады.

Ал мектеп формасына қойылатын талаптар мәтінінде «діни атрибутиканың қолданылмауы» деген тіркестің қамтылуына келсек, «мектеп формасын сақтау» дегеннің өзі «басқа ешбір атрибутиканы қолданбау» дегенге саятыны белгілі. Және бұл тек діни атрибуттарға ғана емес, басқа да ерекшеліктерге тыйым салынатынын білдіреді. Мәселен, бала мектепке еркін киім үлгісімен, сәнді немесе спорттық киімдермен, жарқыраған әшекей бұйымдармен келе алмайды. Өйткені «форма» ұғымы соның бәрін реттейді.

Форма тек мектепке тән ерекшелік емес. Көптеген кәсіби салалық мекемелер оқу орны, жұмыс орны деп белгіленген, барлық деңгейлерде белгілі бір формаларды сақтауды талап етеді. Оның барлығы кәсіби, техникалық, итиеналық, тағы басқа талаптардан туындайтыны белгілі.

Мектеп формасының да көтеріп отырған өзіндік әлеуметтік-тұлғалық жүгі бар. Біріншіден, кез келген форма белгілі бір мекемеге қатыстылықты білдіретіндіктен, тұлға сол мекеме алдындағы жауапкершілікті жүктейді. Екіншіден, форма – құқықтық қатынастар шегін айқындайтын бақылау құралы. Қарапайым мысалмен өрнектесек, мектеп формасындағы бала сабақ уақытында көше кезіп жүрсе немесе компьютер клубында ойын ойнап отырса, кез келген уәскелік полиция қызметкерінің оның мән-жайын сұрап, қадағалауға құқығы бар. Үшіншіден, біртекті форма мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік тұрғыдан жіктелуіне, психологиялық қысымдардың орын алуына жол бермейді, яғни «бұлақ бастан бұлғанбас» үшін форманың сақталуы қажет-ақ.

Тізе берсек, басқа да артықшылықтарды атауға болады, бірақ оның барлығы қарапайым қоғам мүшесіне де белгілі. Айтылғандарды ескере отырып, мектеп формасына қойылатын талаптарға кең түсінікпен қараған жөн.

Ендігі бір назар аударатын мәселе – жекелеген діндар азаматтар мектепте хиджабқа жол берілмеуін Конституцияға қайшылық ретінде бағалайды. Біз мұны құқықтық сауаттылықтың қарапайым деңгейін игермегеніміздің көрінісі дер едік.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабына сәйкес «әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар». Бірақ дәл осы бапта жазылғандай, «ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс». Яғни, сол бостандыққа қатысты құқықтық нормаларда оның шет-шегі де айқын көрсетілген.

Ата заң ең басты құқықтық қағидаттарды айқындайды. Ал онда айтылған азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерді салалық заңдар белгілейді. Аталмыш құқықтар мен міндеттерге байланысты болатын немесе оларды шектеуі мүмкін қатынастар да сол салалық заңдарда көрсетіледі. Сондықтан конституциялық және өзге де заңнамалық нормаларға сүйене отырып, «Білім туралы» заң да өз саласындағы тиісті құқықтық қатынастарды айқындады. Оның ішінде білім алушылардың мектеп формасын сақтау міндеттілігі де бар.

Дәл осы секілді Ата заң аясында әзірленген ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 5-тармағында ешкімнің өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқтығы атап көрсетілген.

Ал аталған заңның 3-бабының 8-тармағында ата-аналардың балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне мемлекеттің араласпайтыны айтылған. Бірақ осы нормада да ескерту ретінде: «мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген... жағдайларды қоспағанда» деген қағидаттың тұрғанын естен шығармау қажет. Бұл жерде де араласпау әрекетінің заңдық шектері айқын көрсетілген.

Сондықтан «Білім туралы» заңның білім мекемесінің ішкі тәртібін сақтау мақсатында мектеп формасына қойған талаптары азаматтардың ар-ождан бостандықтарын бұзбайды, керісінше, олардың заңнамалық нормаларға кең түсінікпен, ашық азаматтық тұрғыдан қарауын міндеттейді. Әрбір саналы азаматтың заң қағидалары ар-ождан бостандығын қамтамасыз етумен қатар, мемлекет алдындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді қоса жүктейтінін есте тұтқаны абзал.

Мектепте хиджабқа рұқсат етілмеуіне наразы кейбір азаматтар хиджаб киюді мұсылмандықтың тікелей көрінісі ретінде түсіндіруге тырысады. Бірақ ислам шариғаты бойынша мұсылмандықтың негізгі шарты – иман келтіру. «Лә иләһә илла Аллах, Мухаммад расулаллах» деп иман келтірген, осы қалиманы тілмен айтып, жүрегімен сенген адамның мұсылман екеніне шүбәлануға ешкімнің құқығы жоқ. Қазақстан мұсылмандары үшін дәстүрлі болып табылатын ханафи мәзһабының негізін салған Әбу Ханифа (Имам Ағзам): «Кім Алланы және одан түсірілгендерді тілмен де, жүреппен де мойындаса, онда ол Алланың алдында да, адамдар үшін де мұсылман» деп жазады.

Хиджаб мәселесіне ойыссақ, мұсылман әйелдердің орамал тағуы Құранда бұйырылғандықтан, ол парыз амал болып есептеледі. Парызды мойындамау – күпірлік, ол діннен шығуға алып барады. Ал орамалдың парыз екенін мойындаса, бірақ белгілі бір себептермен (біздің мысалымызда – мектеп формасын сақтау қажеттілігінен) таға алмаса, ол әйел немесе қыз бала мұсылмандықтан шыққан болып саналмайды. Яғни, жүрегінде иманы бар болса, орамал тақпаған әйелді «мұсылман емес, көпір» деп ешкім айта алмайды. Керісінше, бұл жағдайда Мұхаммед пайғамбардың: «Кімде-кім бауырына: «Ей, көпір!» десе, егер ол адам шынымен көпір болмаса, онда айтқан адамның өзі көпір болады» деген қатаң ескертуін есте ұстау орынды. Ислам шариғаты бойынша иман келтірген мұсылман адамды «көпір» деп айыптауға болмайды.

Орамалдың парыз екеніне сену – иман мәселесі, ал оны тағу – амал мәселесі. Иман бөлек те, амал бөлек. Амал иманның бір бөлігі де, тікелей көрінісі де емес. Бұл жайында Әбу Ханифа Имам Ағзам былай деп жазады: «Алла Тағала иманды амалдардан артық етіп бекітті. Мүминдерді құлшылық етуге, зекет төлеуге, ораза тұтуға, қажылықты өтеуге ұмтылдыратын, Аллаға иман келтіруге шақыратын зекет, ораза немесе қажылық амалдары емес, керісінше, олардың имандары. Бұл – осылай, өйткені олар алдымен иман келтірді, содан кейін амалдарды орындауға көшті. Аллаға деген сенім оларды діни парыздарды орындауға жұмылдырды, ал керісінше (болған жоқ, яғни), діни парыздар Аллаға деген иманды олардың жүректеріне қондырған жоқ».

Имам Ағзам әйелдердің белгілі бір жағдайларда Алла Тағаланың рұқсатымен намаз оқи алмайтынын – парыз амалды орындамайтынын айта келіп: «Егер иман мен амал бір десек, намаз оқымай жүрген кездерінде әйелді иманы жоқ деуге тура келер еді. Бірақ бұл олай емес, сондықтан иман мен амал бір емес» дейді.

Егер орамал мұсылмандықтың басты көрінісі болса, иманды жүректен бір сәт те өшіруге болмайтыны секілді, орамалды бір сәт те шешуге рұқсат берілмес еді. Бірақ ислам шариғатында олай емес – балиғатқа толған қыз бала мен әйел адам жақын туыстарының көзінше (ер адам болса да) орамалсыз, тұмшаланбай жүре алады. Бұл туралы талай дәлел-дәйектер келтіруге болады, бірақ қысқарта айтсақ – иман орамалмен бірге алынып-салынып тұратын заттық дүние емес.

Мұхаммед пайғамбардың өз хадисінде: «Мұсылман дегеніміз – қолымен және тілімен мұсылманға залал келтірмеген адам» деген. «Алла Тағала сіздердің сырт көріністеріңізге қарамайды, жүректеріңіз бен амалдарыңызға назар салады» деген хадис те бар. Сондықтан мұсылмандықты тек формамен байланыстыруға әуестену жөн емес.

Исламның шынайы рухын терең сезінген көшегі қазақ «иманды» деп жүрегінде берік сенімі бар, терең адамгершілік қасиетке ие, ізгі мінез-құлықты жанды айтқан. Аталарымыз қашанда жүректегі иманды басты орынға қойған, «Сырт тазасы не керек, Тазарт әуел ішінді» деп риякерліктен тыйған. «Сыртқа қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтұғын қалыбыңа (жүрегіңе), боямасыз ықыласыңа бітеді» деген Абай ақын да осы қисынмен пайымдаған. «Мұсылманшылық кімде жоқ, Тілде бар да, ділде жоқ» деп назаланған Әбубәкір Кердері қазақтың болмысына біткен жүректегі иманын жоқтады. Иман мен исламды ажыратып қарамаған қазақ өз танымын осылай өрнектеген болатын.

Өткен жылы біздің орталық өліміздің барлық аймақтарында зерделеу жұмыстарын жүргізіп, 11000-ға жуық адамды қамтыған 200-дей іс-шара өткізді. Шаралар барысында 2105 адамнан сауалнама алынды. Оның 459-ы мектеп оқушылары болатын.

Бір ерекшелігі, сауалнама алу кезінде де, фокус-топтық талдаулар барысында да оқушылардың еркін сөйлеуіне, ашық пікір білдіруіне мүмкіндік берілгеніне және сауалнамалардың анонимді түрде толтырылғанына қарамастан, оқушылар тарапынан бірде-бір рет хиджаб кию мәселесі көтерілмеді.

Бұл мәселе сауалнамаға қатысқан 305 жергілікті тұрғын тарапынан да көтерілген жоқ. Мәселеге тек фокус-топтық талдауға қатысқан 330 мұғалімнің бірнешеуі назар аударды, оның өзі «Мектепте хиджаб кию мәселесі көтерілген жағдайда оған қандай заңдық негіздер бойынша жауап берген жөн?» деген алдын алу шараларына қатысты сауал болды.

Айтылғандардан аңғаратынымыздай, мектептегі орамал мәселесіне қатысты айтарлықтай қызығушылық үрдісі байқалмайды. Бұл мәселені қоздырып, қоғамдық пікір туындап жатқан секілді етіп көрсетіп, санаулы адамдардың көмегімен қолдан пікірталас ұйымдастырып жататындар көп жағдайда заң талаптарын толық түсініп-білмеген, діннің формалық жағына мән беріп, мазмұндық қырын назардан тыс қалдырған азаматтар немесе ішкі тұрақтылыққа сына қаққысы келетін мүдделі тұлғалар.

Сөз соңында мына мәселелерге назар аударуды жөн санар едік. Зайырлы мемлекет заңнамалары белгілі бір діни бірлестіктің мақсатын емес, тұтас азаматтық қоғамның мүддесін көздей отырып жасалады. Заң талаптары мен тыйымдары барлық дін өкілдеріне ортақ. Яғни, мектептегі зайырлылыққа қатысты ұстанымдар тек ислам дініне ғана емес, басқа діндерге де тікелей қатысты. Мектеп формасына байланысты талаптар хиджаб киюді ғана емес, өзге де діндер элементтерін пайдалануды шектейді. Өйткені кез келген атрибутика, символ элемент белгілі бір дәрежеде өзі қатысты болып табылатын сенімді насихаттауды білдіреді. Барлық діндердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ететіндіктен зайырлылық қағидаттары жеке бір дінді ерекшелеуге жол бермейді.

Екіншіден, барлық дін өкілдерінің ортақ заң талаптарына бағынуын талап ету көп конфессиялы өліміздегі ішкі тұрақтылықты сақтаудың бірден-бір тетігі. Дінаралық қақтығыстардың орын алмауына мемлекет азаматтары да мүдделі болып, оған заң нормаларын сақтау арқылы үлес қосуы тиіс.

Үшіншіден, осы аталғандардың барлығы заң талабы, мемлекет басшысының шешімі. Ал ислам шариғаты тұрғысынан алғанда, заңға және басшыға мойынсыну міндетті. Оларға қарсы шығу исламда бүлік шығарушылық ретінде айыпталады. Құранның «Бақара» сүресінде «Бүлік шығару – кісі өлтіруден де ауыр күнә» деген аят бар. Бұл мұсылман үмбетінің зайырлы заңнамаға да құрметпен қарауын міндеттейді.

Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы қамтамасыз етілген. Өзге дін өкілдерімен қатар мұсылман азаматтар да бес парызын өтеп, діни құлшылықтарын кедергісіз жүзеге асыруда. Ал мектеп қабырғасында хиджабқа рұқсат берілмеуі білім мекемесінің ішкі тәртібін зайырлылық қағидаттарына сай сақтау мақсатында ғана жасалады. Мектептен тыс орындарда бұл мәселеге қатысты ешқандай тыйымдар көзделмеген. Сондықтан мектептегі хиджаб мәселесін көтеруші азаматтар сенім бостандығына мүмкіндік беретін заңға және басшыға бағынудың әрі азаматтық міндет, әрі мұсылмандық парыз екенін түсінгені жөн.

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ,
ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі
Дін істері комитеті Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры

Банкроттық тәртіптегі субсидиарлық жауапкершілік

Б о р ы ш к е р л е р м е н кредиторлардың мүддесі балансының негізінде банкроттық жүйенің ашықтығы мен болжамы, тиімділігін құруға бағытталған, «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 07 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 26 наурызда қолданысқа енді.

«Оңалту және банкроттық туралы» Заң қабылданғанда тиімсіз менеджменттің күшінде банкроттық рәсімді нарықтың немесе өзге объективті факторлардың өзгерісіне, қолданған шараға қарамастан, бизнесті сақтай алмаған борышкерлерді тарату үшін соңғы шараны пайдалану қажет.

Осы үшін «Оңалту және банкроттық туралы» Заңда белгіленген, төлем қабілеті жоқ сипаттары анықталғанда, Заң кәсіпорын басшысының және өзге тұлғаларды кәсіпорынды банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа 6 ай ішінде

жүгінуді міндеттеді.

Заңның талабы ескерусіз қалса, онда банкроттыққа кредиторлардың бірі өтініш береді, осы міндетті елемеген, басшы кәсіпорынның мүлкі жетпеген кәсіпорынның қарыздарын өтеуге өзінің барлық жеке мүлкі кетеді.

Осыменен, «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 11 б. 5т. сәйкес осы баптың 2 тармағы 6)-1) тармақшалары шартын бұзғаны үшін барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін борышкердің мүлкі жетпеген жағдайда осы баптың 2 тармағы 1)-6) тармақшаларымен көзделген, талаптарды орындау міндетіне енетін борышкердің лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес субсидиарлық жауаптылықты бірыңғай арқалайды.

Сонымен қатар айлакерлік мақсатта банкроттық жүйені

пайдаланғаны келетін тұлғалар үшін жауаптылық қатаң қолданылады.

Мысалға, меншік иесі кәсіпорынның төлеу қабілетсіздігін әдейі құру және арттыру, меншік иесі бизнесті құтқара алмайтынын түсінгенде, мүлкі тез арада арзан бағамен сатып немесе сыйлай бастайды, бұл Қазақстан Республикасының Қылмыс кодексімен қасақана банкрот деп саралады. Сот кінәсін дәлелдегенде 3000 АЕК (ал бұл 6 миллион теңге шамасында) мөлшерінде айыппұл салуы және де 3 жылға бас бостандығынан айыруы мүмкін. Бұдан басқа осы үшін басқа кәсіпорындарда басшы лауазымын ұстану және үш жылға дейін мерзімге кәсіпкерлік әрекетпен айналысу құқығынан айырылуы мүмкін.

Жалған банкроттық үшін осыған ұқсас әдейі банкроттық бойынша жаза көзделген. Басқа кәсіпорындарда басшы лауазымын ұстану және кәсіпкерлік әрекетпен айналысу құқығынан 3 жылға емес,

5 жылға айырылуы мүмкін.

Сотталғаны өтелді деп танылмайынша, ол бірде бір кәсіпорын ашаламайды.

Сонымен қатар Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 6 б. келісілген боыршкердің құыртайшысы (қатысушысы) және (немесе) лауазымды адамдары әдейі банкроттық үшін дәрменсіз борышкердің алдында өзіне тиесілі мүлікпен субсидиарлық жауаптылықта болады. Банкроттың лауазымды адамы борышкерді төлем қабілетсіздігіне әкеп соқтырғаны үшін оның мүлкінің меншік иесіне залалды өтейді. Көрсетілген негіздер бар болғанда, банкроттық басқарушылар борышкердің кредиторлар талаптары тізімдемесінде белгіленген, жалпы кредиторлық борыштың сомасын өндіріп алу және субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы борышкер-кәсіпорындардың лауазымды тұлғалары мен

құрылтайшыларына талап- өтініш сотқа беріледі.

Бұдан басқа, Заңның 96 б. 3т. келісілген Қазақстан Республикасының Заңында борышкерді банкроттыққа жеткізгені үшін өзге тұлғалардың субсидиарлық жауаптылығы көзделген жағдайларда бұл жауаптылық мөлшері кредиторлар талаптарының жалпы сомасы мен банкроттың мүлкілік массасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Заңның осы нормасына сүйене, банкротты басқарушы уәкілетті ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген, негіздер бойынша борышкердің кредиторлар мүддесінде кінәлі тұлғаларды (құрылтайшыларды, қатысушыларды, лауазымды тұлғаларды) субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы талап-өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 31 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

6:00 Өнұран 6:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ» М/х 10:45 «Апта.kz» 11:50 «ДАУА» 12:20 «... Үй болу қиын» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 Тәуелсіздікке 25 жыл «ТӘУЕЛСІЗДІК - ТІРЕГІМ» 18:10 «Ұлттық шоу» 18:55 «Менің ҚАЗАҚСТАНЫМ!» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «Ұлы дала өсиеті» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 KAZNEWS 1:15 «SPORT.KZ» 1:35 «... Үй болу қиын» Т/х 2:10 Тәуелсіздікке 25 жыл «Тәуелсіздік - тірегім» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 2:55 «Менің Қазақстаным!» 3:25 «Дауа»

ХАБАР

07:02 «Өмір сабақтары» 07:30 «Сотқа жеткізбей» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 М/ф «Щенячий патруль» 10:40 «Экспедиция 25» 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:35 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 12:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/х «Центральная больница» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Зауал» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:20 «Егіз жүрек» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 Т/х «Қыз жолы» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 20:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:30 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/х «Такая работа» 22:30 Т/х «Осколки» 23:25 «Тағдыр тартысы» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:35 «Әр үйдің сыры басқа» 01:05 «Өмір сабақтары» 01:35 «Сотқа жеткізбей» 02:05 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:05 «ӘН ДАРИЯ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 Т/х «УЙТИ, ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ» 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «РОДИНА» 18:50 Т/х «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ПАУК» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ОПЕРАЦИЯ «КУКЛОВОД»

СЕЙСЕНБІ, 1 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Өнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ» М/х 10:45 «Айман&Шолпан» Т/х 11:35 «Айтуға оңай...» 12:20 «... Үй болу қиын» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «БЕИНЕТ ТҮБІ - ЗЕЙНЕТ» 18:10 «Ұлттық шоу» 18:45 «Sport.kz» 19:05 Тәуелсіздікке 25 жыл «ТАБЫС СЫРЫ» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «Ұлы дала өсиеті» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 KAZNEWS 1:15 «... Үй болу қиын» Т/х 1:50 Тәуелсіздікке 25 жыл «Табыс сыры» 2:10 «Қылмыс пен жаза» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Өмір сабақтары» 07:30 «Сотқа жеткізбей» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 11:30 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Центральная больница» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Айжан» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Білу маңызды» 18:15 Т/х «Қыз жолы» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 20:30 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:40 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:45 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 Т/с «Осколки» 23:25 «Тағдыр тартысы» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 «Әр үйдің сыры басқа» 01:00 «Өмір сабақтары» 01:30 Қорытынды жаңалықтар 02:00 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:15 Т/с «УЙТИ, ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ» 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ПАУК» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ОПЕРАЦИЯ «КУКЛОВОД»

СӘРСЕНБІ, 2 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Өнұран 6:05 KAZNEWS 6:40 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «РОБОТКӨЛІК

ПОЛИ» М/х 10:45 «Айман&Шолпан» Т/х 11:35 «Айтуға оңай...» 12:20 «... Үй болу қиын» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Ғұмырға созылған экспедиция» Д/ф 18:20 «Үздік өндер» 19:05 «АГРОБИЗНЕС» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «Ұлы дала өсиеті» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 KAZNEWS 1:15 «... Үй болу қиын» Т/х 1:50 «Агробизнес» 2:15 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Әсем әуен» 07:15 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 11:30 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Центральная больница» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Айжан» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 Т/х «Қыз жолы» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Унесенные рейсом» 20:20 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:30 Д/ф 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 Т/с «Осколки» 23:25 «Тағдыр тартысы» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 «Әр үйдің сыры басқа» 01:00 «Өмір сабақтары» 01:30 Қорытынды жаңалықтар 02:00 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:15 Т/с «УЙТИ, ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ» 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ПАУК» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ОПЕРАЦИЯ «КУКЛОВОД»

БЕЙСЕНБІ, 3 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Өнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «СИССИ» М/х 10:25 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ» М/х 10:45 «Айман&Шолпан» Т/х 11:35 «Айтуға оңай...» 12:20 «... Үй болу қиын» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Ұлттық шоу» 19:05 «КЕЛБЕТ» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «Ұлы дала өсиеті» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 «МУЗАРТ Live» Күнделік 0:40 KAZNEWS 1:25 «... Үй болу қиын» Т/х 1:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:05 «Келбет» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 2:55 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Әсем әуен» 07:15 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:25 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 11:30 Т/с «Унесенные рейсом» 12:00 Т/х «Бәсеке» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Центральная больница» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Айжан» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Білу маңызды» 18:15 Т/х «Зауре» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/с «Унесенные рейсом» 20:20 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:30 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 Т/с «Осколки» 23:25 «Тағдыр тартысы» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 «Әр үйдің сыры басқа» 01:00 «Өмір сабақтары» 01:30 Қорытынды жаңалықтар 02:00 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:15 Т/с «УЙТИ, ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ» 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ПАУК» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ОПЕРАЦИЯ «КУКЛОВОД»

ЖҰМА, 4 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Өнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Музарт Live» Күнделік 10:15 «СИССИ» М/х 10:45 «Айман&Шолпан» Т/х 11:35 «Айтуға оңай...» 12:20 «... Үй болу қиын» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Үздік өндер» 19:05 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:00 ПАРЛАМЕНТ 21:15 «ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС» 22:00 «СӘЛЕМ,

ҚАЗАҚСТАН!» 23:25 «КЕЛІН» Т/х 0:15 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 0:35 KAZNEWS 1:05 Парламент 1:20 «... Үй болу қиын» Т/х 1:55 «Жан жылуы» 2:20 «Қылмыс пен жаза» 2:45 «Қоғамдық кеңес»

ХАБАР

07:02 «Әсем әуен» 07:10 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 10:10 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 11:30 Т/с «Унесенные рейсом» 12:00 Т/х «Бәсеке» 12:30 «Сиқырлы ас үй» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Центральная больница» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Айжан» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:20 «Өмір жолы» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 «Компромат» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:40 Т/с «Унесенные рейсом» 20:20 «Энергия будущего - ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:40 «Бюро расследований» 22:10 Национальная Лига веселых и находчивых 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:40 Т/с «Дворец Абдин» 01:40 «Әр үйдің сыры басқа» 02:10 Қорытынды жаңалықтар 02:40 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ФАИНА РАНЕВСКАЯ КРАСОТА – СТРАШНАЯ СИЛА» 9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:15 Т/с «УЙТИ, ЧТОБЫ ВЕРНУТЬСЯ» 16:20 «НАЕДИНЕ СО ВСЕМИ» 17:25 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:40 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 ЦЕРМОНИЯ ВРУЧЕНИЯ НАРОДНОЙ ПРЕМИИ «ЗОЛОТОЙ ГРАММОФОН» Часть 2 2:10 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ» 2:50 «П@УТИНА» 3:10 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:55 «ОПЕРАЦИЯ «КУКЛОВОД» 4:40 «ТОЙ ЗАКАЗ»

СЕНБІ, 5 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Өнұран 6:05 KAZNEWS 6:40 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:15 «ДАРА МЕН ДОСТАРЫ» М/х 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» 10:10 «Музарт Live» 11:55 «АС БОЛСЫН!» 12:35 «БАЛАПАН ЖҰЛДЫЗ» 13:40 «ОИ-ТОЛҒАУ» 14:30 «Жарық» Т/х 17:30 «Музарт Live» Күнделік 17:45 «ЕСІНЕ АЛ» Ақын, композитор, драматург Бекірт Тәжібаевты еске алу кеші 20:05 «ӨТКЕН МЕН ЖЕТКЕН» 20:30 KAZNEWS 21:05 «ДАРА ЖОЛ» 22:40 «КӨҢІЛАШАР» 0:15 Кино «Ымырасыз достар» 1:45 KAZNEWS 2:20 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Қалжың қоржыны» 07:50 «Өзін-өзі тану» 08:00 «Продвопрос» 08:20 «Қызық times» 09:20 «Золотая середина» 10:00 «Биле, Қазақстан!» Дневник 10:15 «Сиқырлы ас үй» 10:50 М/ф «Щенячий патруль», «Вспыш и чудо машины» 11:15 Кино «Девочка и лисенок» 12:50 Т/х «Сүйген жарым» 14:30 «Биле, Қазақстан!» 16:30 «Экспедиция 25» 17:00 Алматының 1000 жылдығына арналған гала-концерті 18:30 «Ду-думан» 19:45 «Бенефис-шоу» 21:00 «7 күн» 22:00 «Наши 25» 23:00 Кино «Просто друзья» 00:40 Т/х «Әселдің құрбы-құрдастары»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ОПЕРАЦИЯ «КУКЛОВОД» 7:50 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «МОИ БЕЛЫЙ И ПУШИСТЫЙ» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112 НЕДЕЛЯ» 12:25 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 13:25 «ТОЙ БАЗАР» 14:25 «П@УТИНА+» 15:10 Т/с «ЛЮБОВНАЯ СЕТЬ» 13:30 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 ПРЕМЬЕРА СЕЗОНА «ГОЛОС КАЗАХСТАНА» 22:30 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 23:05 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 0:00 «ЛЕДНИКОВЫЙ ПЕРИОД» НОВЫЙ СЕЗОН 2:40 «112 НЕДЕЛЯ» 3:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 4:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 4:45 «П@УТИНА»

ЖЕКСЕНБІ, 6 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

6:00 Өнұран 6:05 KAZNEWS 6:40 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:30 «Әзіл әлемі» 9:05 «АҚСАУЫТ» 9:30 «БҮГІН ЖЕКСЕНБІ» 11:15 «БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ» 12:00 «Сәлем, Қазақстан!» 13:30 «Көңілашар» 15:05 «Жарық» Т/х 17:25 «Көңіл толқыны» 17:40 «КӨҢІЛДІ ТАПҚЫЛАР АЛАҢЫ» 20:00 «АПТА КЗ» 21:00 «МУЗАРТ Live» 22:45 «Ұлытау ұлы» 1:50 Кино «Алдар Көсе»

ХАБАР

07:02 «Қалжың қоржыны» 07:40 «Ас арқау» 08:00 «ТВ Бинго» 09:00 Бокс Бой за титул чемпиона мира по версии WBO Мэнни Пакьяо – Джеси Варгас 11:30 «Биле, Қазақстан!» Дневник 11:45 «Сиқырлы ас үй» 13:15 Кино «Лучший подарок на Рождество» 14:45 «Компромат» 15:45 «Қызық times» 17:00 Кубок РК Полуфинал Иртыш – Астана 19:15 Танцевальный шоу «Биле, Қазақстан!» 21:00 «7 күн» 22:00 «Пай-пай, 25» 23:10 Алматының 1000 жылдығына арналған гала-концерті 00:40 Т/с «Дворец Абдин» 01:40 Т/х «Әселдің құрбы-құрдастары»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ОПЕРАЦИЯ «КУКЛОВОД» 7:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 7:35 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 8:20 «П@УТИНА» 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 Кино «СЧАСТЛИВЫЙ МАРШРУТ» 12:00 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 12:35 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 13:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 15:00 «ГОЛОС КАЗАХСТАНА» 16:30 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ» СУПЕРСЕЗОН 20:00 «АНАЛИТИКА» 21:00 «П@УТИНА+» 22:00 «ТОЙ БАЗАР» 23:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 0:00 Кино «ХОРОШИЙ ГОД» 2:20 «П@УТИНА+» 3:00 «ТОЙ БАЗАР» 3:45 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 3:40 «П@УТИНА»

Аудан тұрғындарының назарына!

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы – «Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы» Департаментінің Айыртау аудандық бөлімшесі, әр бейсенбі сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін «Ашық есік күні» жүргізілетінін хабарлайды. 79-9-30 телефоны арқылы қабылдауға жазылу.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Көкшетау» МҰТП РММ Арықбалық филиалы «2017 жылға орманға басқа да кесулерді жүргізу кезінде қоршаған ортаға әсер ету бағасы» тақырыбында қоғамдық тыңдаулардың жүргізілетіні туралы хабарлайды.

Тыңдаулар 2016 жылдың 24 қарашасында сағат 11:00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Горный поселкесі, Таежная көшесі, 1 үй мекенжайында өтеді. Филиал кеңсесі.

«2017 жылға орманға басқа да кесулерді жүргізу кезінде қоршаған ортаға әсер ету бағасы» материалдарымен Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Горный поселкесі, Таежная көшесі, 1 үй мекенжайында мына телефон арқылы 8(71533) 41-5-70 немесе alykbalykro@mail.ru электрондық мекен

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	27/10 БС	28/10 ЖМ	29/10 СН	30/10 ЖК	31/10 ДС	1/11 СС	2/11 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	-2 -1	-2 +1	-3 -1	-2 -0	-3 -1	-2 -4	-5 -7
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		752	748	743	733	732	725	733
Желдің бағыты		Б	Ш	О-Б	О	Ш	Б	О-Б
Желдің шапшаңдығы		4	2	3	7	8	7	5

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Әкем, анам – қос бәйтерек шынарым

Әкеміз Жанахметов Талғат Қасымұлы мен анамыз Ережепова Нұрғайша Шонуқызы екеуі 1975 жылдан ыық тіресіп Егіндіағаш орталау мектебінде 42 жыл еселі еңбек етіп келеді. Анамыз Ережепова Нұрғайша Шонуқызы Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, жоғары санатты ұстаз, зейнеткер, құрметті демалыста. Бірақ әлі еңбектен қол үзген жоқ.

Ата-анамыздың бізге берер үлгі-өнегесі мол. Ұстаз

қасиеті бар. «Туған жерім – тал бесігім», «Отбасым ошақ қасым» атты кітапшасы жарық көрді.

Біз жанұяда бес баламыз. Ата-анамыз бәрімізге жоғары білім алып берді. Бір қызығы, ата-анамызға еліктедік пе, бесеуіміз де ұстаздық мамандықты таңдадық. Сол салада еңбек етіп жүрміз. Келініміз Айгерім Темірбекқызы да қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Бір жанұяда 8 ұстазбыз. Бәріміздің еңбек өтіліміз 150 жылдан асады. 2015 жылы «Ұстаздар әулеті» деген атаумен «Мерейлі



отбасы» байқауына қатысып, ауданнан бірінші орын алып, Петропавл қаласына барып келдік. Бұл күнде әке-шешеміз 11 немере сүйіп отырған бақытты ата мен әже. Тұңғыш немересі Руслан Қостанай қаласында ішкі істер академиясының 3 курсына оқыса, Темірлан Көкшетау қаласындағы Жанайдар Мусин атындағы педагогикалық колледждің 3 курсына оқиды. Атасының жолын қуып дене шынықтыру бөлімшесінде білім алуда. Қалған немерелері мектеп оқушылары, олар оқу озаттары. Ең кіші немерелері Айша мен Дінмұхаммед атасы мен әжесінің көз қуаныштары.

Әрі ұстазымыз, әрі ата-анамыз, Сіздерге алғысымыз шексіз! Ұзақ өмір жасап, шөбере сүйіп, ортамызда жүре беріңіздер!

Және де асқар таудай әкеміз Талғат Қасымұлын алда келе жатқан туған күнімен – пайғамбар жасқа жетуімен құттықтаймыз! Жан әкемізге жер бетіндегі барлық игіліктерді тілейміз!

Әсел КАШЕНОВА,

қызы,

Сырымбет ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі.

балаларды оқыту-үйретумен қатар, өзі жан-жақты өнерлі болуы қажет. Қолдары бос уақытта әдеби кітаптар оқып, ақын-жазушылардың өлеңдерін жатқа оқиды. Сүйікті ақындары Мұқағали Мақатаев. Әкеміз Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін оқыса, анамыз өндерін сызылта шырқайды. Сонымен қатар, әкеміздің өлең жазатын

Бір кездескенде Қаратал мектебінің байырғы түлегі, ақын, жыршы, жазушы, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері – Есекеев Жұмабай Қабділмәжитұлының Қаратала арнаған естелік туындысын қағаз бетіне түсіріп алған Айтмағанбет Дауылбайұлы - осы мектептің қарт-ұстазы.

Қаратал

Қойның құт қара ауылым –
Қараталым,
Өзіңмен бірге атқан ала таңым.
Балалық бал дәуренді қалайынша,
Ұмытар ұянда өскен балапаның.

Білемін бұл өңірдің бар алабын,
Тереңкөл суын жиған сай-саланың.
Қоскөл мен Қараталдың арасында,
Сағынып талай қуғам бай даласын.

Тұрғанда кезі келіп сырларды
ашпай,
Сөз сөйлеп неге керек иланбастай.
Бұл манда аты мәлім үлкен ел бар,
Көшқылы, Ораз, Сары, Уанастай.

Жинап ап төмам жұртты алқа-
қотан,
Өзіл-оспақ, мысқылға болған Отан.
Сөздерін кім сағынбас
Бақбайдың,
Күлдіріп отыратын қыран-топан.

Самалдай сазды күйден жел
естіріп,
Кешкілік ән мен жырды үйлестіріп.
Мақш пен Бәри шалдың
үйлерінен,
Жатушы еді домбыраның үні
естіліп.

Талай сыр бұл арадан білген едім,
Өлеңнің жолдары ғып өрген едім.
Кәдімгі Ақан айтқан үш тотының,
Біреуін Қараталдан көрген едім.

Қолдап, жебегендер жүз деуші еді,
Бұл елден үміттерін үзбеуші еді.
Шахмет, Әбділданы шақырып кеп,
Ақан мен Құлагерді іздеуші еді.

Жұмабай ЕСЕКЕЕВ.

«Тәуелсіз елдің рәміздері балалар ұғымында»

атты әдеби композиция шумақтары.
(Мектеп оқушыларына арналған)

Тәуелсіз елдің ұланымыз,
Қазақстан тұрағымыз.
Бірлік, достық ұранымыз,
Білім біздің бұлағымыз,
Бақытты өмір жыр-әніміз!

Бірінші дауыс:
Тәуелсіздік – туғыры,
Егеменді елім бар.
Байлық тұнып, бақ қонған,
Гүл жайнаған жерім бар.

Екінші дауыс:
Байлық тұнған бұл жерлің,
Бақыт қонған нұрлы елдің,
Рәміздерін айтайық.

Үшінші дауыс:
Елдігімнің айғағы,
Көз салғандай аймағы.
Желбірейді көгімде,
Аспан түсті байрағы.

Төртінші дауыс:
Алтын масақ көмкерген,
Керегесін кең керген.
Қос қанаты қыранның,
Елтаңбасын ел көрген.

Бесінші дауыс:
Әнұраным әр кеште,
Естіледі ерекше.
Әні мен сөзі үйлескен,
Мақтанышым емес пе!

Барлығы қосылып:
Қарсы алған уақытты,
Ежелгі досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Жұмабай ЕСЕКЕЕВ.

Құттықтаймыз!

Егіндіағаш ауылының тұрғыны асқар таудай әкеміз, атамыз **Жанахметов Талғат Қасымұлы** қазан айының 28 күні 63 жасқа толғалы отыр. Еңбек жолын Егіндіағаш негізгі мектебінде бастаған әкеміз 42 жыл бойы осы мектепте жұмыс жасап келеді. Бүгінгі қуанышты күні әкемізге өмірдің



бар жақсылығын тілей отыра, анамыз Нұрғайша Шонуқызымен еңбектеріңіздің зейнетін көріп, бала-шағаларыңыздың арасында қуанышқа кенеле беріңіздер демекпіз.

Асқар таудай әкем-бақытымсың, бағымсың,
Өмірдегі, төрімдегі тағымсың!
Құтты болсын 63 жасың, жан әке,
Сағынышым, қуанышым, асқар шың.
Тілейміз біз таусылмайтын төзімді,
Тілейміз біз сарқылмайтын сөзімді.
Денсаулығың мықты болсын, жан әке,
Құттықтайды ұл-қыздарың өзіңді.

Игі тілекпен: ұлы Шоқан, келіні Айгерім, қыздары, күйеу балалары, немерелері, жиендері.

Өмірде де, қызметте де басына қандай іс түссе де жасымаған, бағы жанса тасымаған, тіршіліктің қандай ауыртпалықтарын, қиын кезеңдерін көрсе де мойымай күресе білген азамат, мықты қызметкер, аяулы әке **Жанахметов Талғат Қасымұлы** 28 қазан күні зейнеткерлік демалысқа шығуымен және 63 Пайғамбар жасқа толуымен шын жүректен әріптестері құттықтайды.

Деніңізге саулық, аяулы жарыңыздың, балалар мен немерелеріңіздің арасында күлкі мен қуанышқа кенелуіңізді тілейміз.

63 жас мерейтойыңыз құтты болсын,
Дос-жаранмен әрқашан орта толсын.
70, 80, 90 мен 100-ге жетіп,
Бойыңызға Қызырдың бағы қонсын!
Ренжітпей үлкенді де, кішіні,
Жүрегімен түсінетін кісіні.
Мына өмір жұмақ болып кетер еді,
Сіздей болса бар адамның пішіні.

Игі тілекпен: Егіндіағаш орта мектебінің ұжымы.



Сырымбет ауылдық округі әкімінің азаматтарды қабылдау кестесі

«Сырымбет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Сүлейменов Дулат Қабдрашитұлы** әр аптаның дүйсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Сырымбет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **54-7-86 сенім телефоны** қызмет етеді.

Тұрғындарға жадынама

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызыл») және шекті («қызыл») деңгейлері орнатылуы мүмкін.

Бірқалыпты деңгейде келесі іс-әрекеттер ұсынылады:
Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерінің оғаштығына және сыртқы түріне, иесіз күдікті заттар мен автокөліктерге назар аудару.

Барлық күдікті жағдайлар жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлау.
Полиция тарапынан белсенді көңілге түсіністік білдіріп, оларға көмек көрсету.
Күдікті заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшін қабылдамау.
Күдікті заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады.
Жанұядағы кәрілер мен балаларға барлық табылған иесіз заттар олардың өміріне қауіп төндіретіндігін түсіндіру.

Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнінде хабардар болу.
Жоғары деңгейде ұсынылады:
Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу.
Полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жеке куәлікті немесе басқа да құжаттарды ұсыну.

Қоғамдық ғимараттарда болғанда өрт кезінде қолданатын қосалқы шығу есіктерінің және көрсеткіштердің орналасуына көңіл аудару.

Тұрғын үйлердің маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөліктерге көңіл аудару.

Аса пішінді заттарды өзімен бірге тасымалдаудан бас тарту.
Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын талқылау.

Шекті деңгейде бірқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын іс-әрекеттерден басқа ұсынылады:

Тұрып жатқан үйдің тұрғындарының кезекшілігін ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөліктердің пайда болуына көңіл бөлу.
Террористік қауіптіліктің деңгейі орнатылған аудандарға жол жүруді кейінге ауыстыру.

Эвакуацияға дайындалу.
Терроризм актісі жасалған орында дүрбелендікке берілмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсірілім жүргізбеу.
Теледидар немесе радиоқабылдағышты үнемі қосылған күйі ұстау.
Терроризм актісінің қауіпі жөнінде жалған ақпаратты таратпау.

* * *

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 273 бабымен терроризм актісі туралы көрнеу жалған хабарлау үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған қылмыс жасаған тұлға алты жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

«ҚАУЫРТ ЖЕЛ» 110

- егер сізге терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру және ұйымдастыру туралы;
- радикалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағымдарды жақтаушыларды жалдау, қаруландыру, оқыту фактілері туралы;
- терроризм және діни экстремизм идеологиясын насихаттау және тарату туралы мәлім болса

ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.	Директор, баспаның бас редакторы Ирина БУРКОВСКАЯ Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ	Тілші Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА Басушы-терүші Елена НЕСВЕТЕЕВА	Индексі 65844. Таралымы 1320, тапсырыс № 1558 Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министірілігінде 30.05. 2008 жылы есепке қойылған. Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады.
	Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru	Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.	Газетте жарық көрген оқырман пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.